

Н.Қ. АЙТБАЕВА

## СӘЙГҮЛІККЕ ҚАТЫСТЫ АЯЛЫҚ БІЛІМ ЖҮЙЕСІ

Ат жарату, сәйгүлікті баптау, атын бәйгеге қосу – қазақ үшін өнердің ең үлкені. Ол – ата дәстүріміз ғана емес, жұздеген, мындаған жылдық тәжірибесі бар, өз алдына ғылым. Аттың өзі келісті болғанымен бабы келіспесе, оның бағы байланады. Яғни нағыз атбекі сәйгүліктің тілін білуге тиісті.

Атың бәйгеден озып келсін десен, бірінші кезекте сәйгүлік болар жақсы атты тани білу керек. Екінші кезекте оны бәйгеге жарата білу қажет. Жақсы бапталған ат қана бәйгеден озып келе алады.

Әрине, нағыз сәйгүлік болар жақсы атты тани білу оңай шаруа емес. Ол өнер атаулының ішіндегі ең қыны. Жақсы атты тани білу өнерлінің өнерлісінің ғана қолынан келеді. Ел ішінде не бір керемет сәйгүліктерді құлын, тай кезінде-ақ, айнытпай таныған өйтілі атбекілері, ат сыннылары болған. Солардың арасында жұрт аузына іліккен атақтылары – Күреңбай, Толыбай, Бақай секілді сыннылар.

Қазақтың атбекілері мен ат сынныларының жақсы ат туралы, сәйгүлік туралы ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік үтимтүсінің, талғам-танымы бар. Олар аттың түқым-тегіне, бітіміне, ерекше қасиетіне, белгі-нышандарына, соңдай-ақ, оның шыдамдылығы мен төзімділігіне, денесінің шымырлығы мен сүйегінің беріктігіне, ұшқырлығы мен күштілігіне дең қоя отырып, бәйге атына баға берген. Өздерінің көп жылды тәжірибесіне сүйеніп, жақсы ат қандай болатындығын сипаттап айта алған.

Ат бегілерінің айтуынша, сәйгүлік болар жақсы аттың сырт тұлғасында мынандай белгілер болады екен: кеудесі кең, шоқтың биік, басы ашаң (етсіз), құлағы тік, мандай жазық, көз аласы шығынқы, танауы кең, төменгі ерні салынқы, мойны жіңішкелесу, арқасы оқтаудай тұзу, бауыры жазық, сауры ұзын әрі түйстайлылау, сан еті мен қол еті білеуленіп келген, аяқтары тұзу, сіңірлері жуан, түкіттары дөңгелек, бақайы тік әрі қысқа, еті ояз, жұні тықыр, жал-құйрығы сүйік т.б.

Осы түрғыдан ұлы Абайды ат сыннысы емес деп кім айта алар?! Оның «Шоқпардай

кеңілі бар, қамыс құлак» деген өлеңіне көңіл аударып көрелік:

Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлак,  
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабак,  
Ауызомыртқа шығынқы, майда жалды,  
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын, салпы ерін, ұзын тісті,  
Қабыргалы, жоталы, болса құшті.  
Ойынды еті бөп-бөлек, омыраулы,  
Тояттаған бүркіттей салқы тості.

Жуан, тақыр бақайлы, жұмыр тұяқ,  
Шынтағы қабыргадан тұрса аулак,  
Жерсогарлы, сіңірлі, аяғы тік,  
Жаурыны етсіз, жалпақ тақтайдай-ақ.

Кең сауырлы, тар мықын, қалбағайлы,  
Алды-арты бірдей келсе, ерге жайлы.  
Күлте құйрық, қыл тұбі өлді келіп,  
Көтөндігі шығынқы, аламайлыш.

Ұрышығы томен біткең, шақпақ етті,  
Озі санды, дөңгелек келсе көтті.  
Сырты қысқа, бауыры жазық қеліп,  
Арты талтак, ұмасы ұлпершекті.

Шідерлігі жуандай, бота тірсек,  
Бейне жел, тынышты, екпінді мініп жүрсек.  
Екі көзін тоңкеріп, қабыргалап,  
Белдеуде тыныш тұрса, байлан көрсек.

Тығылмай әм сүрінбей жүрдек көсем,  
Иек қағып, еліріп, жүрсе әсем.  
Шапса жүйрік, мінсе берік, жуан, жуас,  
Разы емен осындағы ат мінбесем!

Аяңы тымақты алиши кигізгендей,  
Кісіні бол-бол қағып жүргізгендей.  
Шапқан атқа жеткізбес бөкен желіс,  
Разы қылдың қолыма бір тигізбей.

Бәйге атының қандай болатындығын білу үшін өлеңдегі жылқыға қатысты басқа да бейнелі сөздер мен суреттеулерді былай қойғанда, ондағы келтірілген эпитеттерді ғана санап шықсақ, біраз мәселенің басы ашылары сөзсіз.

Абай келтірген эпитеттер: қамыс құлак, қой мойын, қоян жақ, бөкен қабак, ой желке, теке мұрын, салпы ерін, салқы төс, жұмыр тұяқ, кең сауыр, тар мықын, күлте құйрық, шақпақ ет, бота тірсек, бөкен желіс.

Эпитет дегеніміз – троптың бір түрі: көркем бейнелі тұрақты тіркес. Ол – айтпақ болған ойынды көркемдеп, бейнелеп,

